



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

- 2 Амбрумова, А.Г. Социально-психологическая дезадаптация и профилактика суицида / А. Г. Амбрумова. – Текст: непосредственный // Вопросы психологии. – 1981. – № 4. – С. 91-102.
- 3 Шнейдер, Б. Л. Девиантное поведение детей и подростков / Б. Л. Шнейдер–М.: Гаудеамус, 2007. – 336 с. –Текст: непосредственный.
- 4 Зародова, Т. Ю. Научная работа: Профилактика суицида в психосоциальной работе / Т. Ю. Зародова. – Текст: электронный // Студенческий научный форум: [сайт]. – URL: <https://www.scienceforum.ru> (дата обращения: 22.01.2023).

ОӘЖ 372.851

ОРТА БУЫН МЕКТЕБІНДЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Альмуханова Айнур Қайыржанқызы
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай
өңірлік университетінің
педагогика және психология
кафедрасының 1 курс магистранты
Қостанай қ., Қазақстан.
E-mail:ainurochkaai@mail.ru

Андапта

Мақсаты: Орта буын мектебінде математиканы оқытудағы психологиялық-педагогикалық шарттарды белгілеп атап өту болып табылады. Оқушыларға қазіргі заман талабына сай математикалық білім беру күрделі мәселе, сол үшін мұғалімнің психологиялық-педагогикалық шарттарды ескеруінің және психологиялық-педагогикалық талдай жасай білуінің маңызы ерекше.

Түйінді сөздер: Психологиялық-педагогикалық шарттары, функционалды сауаттылық, математикалық білім.

Аннотация

Цель данной статьи: отметить психолого- педагогические условия обучения математике в среднем звене. Актуальность: современное математическое образование учащихся-сложная проблема, для которой особое значение имеет учет педагогом психолого-педагогических условий и умение проводить психолого-педагогический анализ.

Abstract

The purpose of this article: to highlight the psychological and pedagogical conditions for teaching mathematics at the middle level. Relevance: modern mathematical education of students is a complex problem, for which the teacher's consideration of psychological and pedagogical conditions and the ability to conduct psychological and pedagogical analysis are of particular importance.

Бүгінгі білім жүйесі бүкіл әлем деңгейінде қоғамдық дамудың өлшемімен сол қоғамының негізін құрайтын басты тетіктерінің біріне айналып отыр. Оқушыларды іс-әрекет ете білуге үйрету, функционалды сауаттылығын мақсаты басшылыққа алынууда. Ол үшін нақты әлеуметтік жағдайларда дамитын әрбір оқушының талғам-тілегін, оның табиғи биологиялық-генетикалық негіздерін, қабілетін, денсаулығы мен психологиялық ерекшеліктерін барынша ескерту қажеттілігі Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептер тұжырымдамасында атап көрсетілгені белгілі. [1,13 б].

Жасөспірімдердің жан-жақты дамуына жағдай жасау үшін білім беру үрдісін жаңашыл идеялар жүйесіне айналдыру қажеттігі туындап отыр, сонымен қатар. Мұныңөзі жалпыданжекеге, яғни жеке тұлғаны дамытудың әдіс-тәсілдерін жаңалауды, білім беруде бағыттап оқытуды іс жүзінде асыруды ұсынады. Белгілі бір бағытта, атап айтқанда тереңдете және кіріктіре оқытуды жүзеге асыруда оқушы бойындағы қандай ерекшеліктерді ескеру керек деген орынды сұрақ туындайды. Оқушының жеке бас ерекшеліктерінің психологиялық аспектілері В.А. Крутецкий, Н.А. Менчинская, Б.М.Теплов, Утегенова Б.М.сінды көрнекті педагог -психологтардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Олардың тұжырымдамаларын ескере отырып, жалпы бір жас шамасындағы оқушылардың дербес-психологиялық ерекшеліктері деп олардың психикалық әрекеттерінде тұрақты түрде байқалатын ерекшеліктерін

түсінеміз. Оқушының танымдық және практикалық іс-әрекеті барысында төмендегідей дербес-психологиялық ерекшеліктері әсер етеді:

- білім мен іскерліктерінің деңгейі (толықтығы, тереңдігі, әрекеттігі, жүйелілігі, беріктігі);
- оқуға қабілеті (белгілі бір оқу әрекетімен ұзақ уақыт айналысу мүмкіндігі);
- белсенділігі мен танымдық ізденімпаздық деңгейі;
- меңгеру жылдамдығы(жылдам, орташа, баяу);
- оқуға деген қарым – қатынасы;
- танымдық қызығушылығының сипаты (аморфты, стереотипті, кең);
- ерік күшінің деңгейі (жоғары, орташа, төмен).

Осы және тағы да басқа көптеген ішкі және сыртқы факторлар оқыту үрдісіне белгілі дәрежеде өз әсерін тигізеді. Бірақ жалпы мектепте оқыту үрдісін сыныптық-сабақтүрінде ұйымдастыру жағдайында әрбір жеке тұлғаның аталған жеке бас ерекшеліктерінің барлығын ескерудің мүмкіндігі жоқ. Сондықтан тереңдете және кіріктіре бағдар бағытында оқытуды жүзеге асыруда оқыту міндеттеріне қарай аталған ерекшеліктердің ішінен, біріншіден, оқыту үрдісінде анықталған және оқу нәтижесіне әсер ететін қасиеттерді, екіншіден, бірдей жастағы оқушылардың арасында көрсеткіш айырмашылықтары едәуір үлкен болатын қасиеттерді таңдап алу керектігін даралап оқытуды жүзеге асыруды кешенді түрде зерттеген И.Унтайтқан. И.Унттың пікірінше, төмендегі аталған қасиеттерді ескеру қажет:

- оқуға қабілеті немесе арнаулы қабілет;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдысы;
- алынған білім көлемі;
- танымдық қызығушылығы

Бұл жердегі алынған білім көлемі деп қандай бір сала, пән бойынша алынған бағдарламалық немесе бағдарламадан тыс білімдер жүйесі түсіндіріледі.[2, 15 б].

Білім санаға біртіндеп орнығады. Математика пәнінде білімнің айтлық, математикалық ұғымның санаға жетуі,орнығуы,басқаша айтқанда оқушының білімді меңгеріп, біліп алуы бірден бола қоймайды.Көп жағдайда бұл күрделі процесс.Оқушының түсінігі біртіндеп толысады.Содан кейін біртіндеп барып,кемелденген,толық түрге келеді. [3, 18 б].

Оқыту үрдісін оңтайландырудың бірден-бір жолы саралап оқыту деп есептеген Ю.К. Бабанскийдің айтуымен келісе отырып біз де сынып оқушыларын бірнеше топқа бөлуді ұсынамыз. Оқушылардың оқып-үйрену мүмкіндіктерін анықтаудың және оларды топтарға бөлудің келесі өлшемдерін ұсынуға болады:

- психикалық процестер мен ойлау әрекеті қасиеттерінің даму деңгейі, өзіндік ойлау әрекеті;
- оқу еңбегіндегі іскерлік пен дағдысының қалыптасқандығы, әсіресе оқу әрекетін тиімді жоспарлай алу іскерлігі, оқу әрекетіне бақылау жасай алуы және қажетті қарқынмен жұмыс істей алуы;
- оқуға деген қарым-қатынасы, қызығушылығы мен бейімділігі;
- оқу пәнінің қажеттілігін түсінуі;
- жұмысқа қабілеттігі;
- өтілген материалдар бойынша білім деңгейі.

Белгілі психолог Н.А. Менчинскаяның пікірі бойынша, алғашқы кезекте ескерілетін жеке бас ерекшелігіне оқушының ақыл-ой даму деңгейі жатады.

Оның берген анықтамасы бойынша, ақыл-ой дамуы дегеніміз – жас өзгеруімен және адам тәжірибесінің толығына байланысты ақыл-ой әрекетінің сандық және сапалық жағынан өзгеру жиынтығы. Ақыл-ой дамуы деңгейіне әсер ететін компоненттердің бірі ретінде психологтар оқуға қабілет ұғымын айтады. Жалпы психологияда қабілет дегеніміз – мақсатқа бағытталған тәлім-тәрбие жұмысына байланысты адамның бір іс-әрекетке ұйымдасқан түрде бейімділігі және оны нәтижелі етіп атқаруы.

Қабілеттің 3 түрлі тобын атай аламыз:


- 1) интеллектуалдық іс-әрекет барысының жеңілдігі мен өнімділігін қамтамасыз ететін жалпы қабілет;
- 2) арнайы қабілет (мысалы, математикалық қабілет, музыкаға қабілет және т.б.);
- 3) тәжірибелік қабілеттер (конструктивті–техникалық, ұйымдастырушылық немесе педагогикалық қабілеттер).

Шығармашылық есептер бірнеше ұғымдардың жүйесі, бұл жүйе бірнеше ақпараттық бірліктердің логикалық байланысын біріктіреді.

Шығармашылық есептерді шығарудың барысында оқушы:

1. Сараланбаған біртұтас білім меңгеруі;
2. Осы біртұтас біліммен жеке элементтерді білуі және олардың байланысын түсіне білуі;
3. Осы элементтерді және олардың байланысын меңгере отырып жетілген және дәл біртұтас образды алуы керек.

Кесте1.



Бұларине (Кесте 1) түріндегі көрсету. Ал оқушының ойлау үдерісінде мынандай принциптер іске асып жатады:

1. Өзара байланыс принципі;
2. Өзара кері амалдар мен операцияларды бір мезгілде ойша жүргізу;
3. Қарама-қарсы ұғымдарды салыстыру;
4. Ұқсас аналогиялық ұғымдарды қатар қою;
5. Жұмыстың кезеңдерін қатар қоюы.

Шығармашылық есептер көп компонентті, олар бір-бірімен логикалық байланыста, психологиялық бірлікте болуы керек. [4, 25 б].

Функционалдық сауаттылықты дамыту шарттары:

– оқыту белсенді болуы керек (Бастауыш мектепте кез – келген пәнді оқытудың мақсатты функцияларының бірі-оқушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін қалыптастыру, сондықтан функционалдық сауаттылық проблемасы іс-әрекет проблемасы, қазіргі әлемде тез бейімделудің тетіктері мен әдістерін іздеу проблемасы ретінде қарастырылады);

- оқу бағдарламасы өлшеніп, оқушылардың жеке мүдделерін және олардың даму қажеттілігін ескеруі керек (жаңа Стандарт осы Шартқа сәйкес келеді);

- оқушылар жаңа материалды зерделеу процесінің белсенді қатысушылары болуы тиіс;

- оқу процесі оқушының өз қызметінің нәтижелері үшін дербестігі мен жауапкершілігін дамытуға бағытталуы керек;

- сабақ қызметінде топтық жұмыстың нәтижелі нысандарын пайдалану;

- мектептер оқушылардың күрделі жаһандық мәселелер саласындағы зерттеулерін белсенді қолдайды.

Жалпы оқушының жұмысы бірнеше біріккен бөліктерден тұрады. Оқушы шығармашылықпен жұмыс істеуге дағды алуы керек.

Кесте 2.



Балаойлауының дамуы сол байланыстарды қамтитын түсініктер мен ұғымдарды үздіксіз тереңдету және кеңейту болып табылады (Кесте 2).

Логиканың кейбір өкілдері ұғымдарды ойлау формасы деп қарастырады. Мысалы, М.С.Строгович ұғымды объективті шындықтың заттары мен құбылыстарының ерекше белгілерін қамтитын және белгілейтін ойлау формасы деп анықтайды. Оқушылардың ойлауының дамуы математикалық ұғымдарды дамыту мен үзіліссіз тығыз байланыста болады. Ұғымдар жүйелі ідүрыс дамытылған да ғана оқушылардың ойлау деңгейлері жоғары болады, әрбір ұғымды теориялық ұғымдар биігінен көрінеді. [5, 27 б].

Ойлаудың шырқау биігі заттар мен құбылыстардың қасиеттерін, олардың заңды байланыстарын терең білу арқылы жүзеге асады.

дебиеттер тізімі:

- 1 «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасы. <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу – білімді жетілдіру арқылы экономикасына. // Егемен Қазақстан, 27 мамыр, 2006 ж. 16.
- 2 ҚР Білім туралы заңы. «Егемен Қазақстан» 15 тамыз, 2007ж. №245-246.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 4 Ахметов М. Математиканы оқытуда оқушылардың ғылыми-диалектикалық ойлауын қалыптастыру / Өдістемелік оқу құралы / – Алматы: Респ. баспа каб. 1993. -214б.
- 5 Әбілқасымова А.Е., т.б. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007.-208 б.

ӘӨЖ 37.0

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДА ОЙЛАУ ДИЗАЙНЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аманбайқызы Райхан,
Қорқыт Атаатындағы Қызылорда
университетінің докторанты,
Қызылорда қаласы, Қазақстан
e-mail: raikhan.83@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада ойлау дизайн ұғымына жан-жақты түсінік берілген. Ойлау дизайнының кезеңдері мен артықшылықтарына тоқталған. Болашақ педагогтарда ойлау дизайнын қалыптастырудың маңыздылығын көрсеткен.

Мақала мақсаты: бүгінгі таңда тұлға қажеттіліктеріне бағытталған ойлау дизайнының қажеттілігі айқындау.

Түйінді сөздер: ойлау дизайны, эмпатия, креативтілік, инновация, болашақ педагогтар.

Аннотация

В статье дается всестороннее понимание концепции дизайна мышления. Рассмотрели этапы и преимущества дизайна мышления. Показала важность формирования дизайна мышления у будущих педагогов.

Цель статьи: На сегодняшний день очевидна успешность дизайнмышления и выявить необходимость дизайна мышления ориентированного на потребности человека.

Ключевые слова: дизайн мышления, эмпатия, креативность, инновации, будущие педагоги.

Abstract

The article provides a comprehensive understanding of the concept of design thinking. We considered the stages and advantages of design thinking. Showed the importance of the formation of design thinking of future teachers.

Purpose of the article: To date, the success of design thinking is obvious and to identify the need for design thinking focused on human needs.

Key words: thinking design, empathy, creativity, innovation, future teachers.

Қай заманда болмасын адам баласының алдында тұратын ұлы міндеттің бірі – сапалы, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатына қазіргі уақытта кәсіби біліктілігі жоғары, білімді игерген, шығармашыл және сын тұрғысынан ойлайтын, мәселені шешу мен барлық құзыреттіліктерді білетін, инновацияны түсініп, қолданып, саралай алатын жаңа формация педагогтарын даярлауға бағытталған.

Жаңашылдықты игеру болашақ педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, азаматтық позицияның қалыптасуына өз әсерін тигізеді. Әлемдік білім беру парадигмасында қазіргі уақытта нәтижеге бағдарланумен қатар студенттің жеке тұлғасына, сонымен бірге оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеуге назар аударылуда.